

*1 сынып оқушыларының мектепке  
дайындығын анықтау*

Психолог Асылханова Ә.А.

2023-2024 оқу жылы

1 - сынып оқушыларының  
мектепке психологиялық даярлығының  
сараптамасы

Оқуға психологиялық даярлық – жеке білім мен біліктілікті ғана емес, барлық негізгі элементтер кіретін белгілі бір жиынтықты қарастырады. Бұл «Мектептік даярлық» жиынтығына қандай құрамдас элементтер енеді?

*Ықыластанушылық, еріктілік, ақыл-ой, әлеуметтік .*

Әрине , көбінесе бала оқи, санай білсе мектепке дайын деп есептейді . Әрине ол оң нәтиже береді, бірақ баланың мектепте оқуының табыстылығы оның психологиялық жетілуіне көп байланысты, оқуда тілдік емес функциялардың жетілуі (көру арқылы, уақыт арқылы) маңызды роль атқарады. Олардың толық жетілмеуі, бала сөйлеуінің дамуына, одан соң ойлауына кері әсер етеді. Себебі сөйлеу және ойлау өзара байланысты.

Баланың мектепке дайындығын анықтау бойынша психолого-педагогикалық зерттеу 2 нұсқада жүргізіледі :

1. Мектептік жетілуді шамамен анықтау

2. Тереңдетілген психологиялық зерттеу

- шамамен болжамды зерттеу бала туралы алғашқы түсінік береді .

- тереңдетілген психологиялық зерттеу дамыту және коррекциялық бағдарламалар құруды қамтамасыз етіп , баланың мүмкіндік қорын анықтауға көмектеседі .

Сондықтан да болжамды зерттеу нәтижесінде баланың мектепке дайын еместігі анықталған болса, тереңдетілген зерттеу жүргізу ұсынылады .

Алғашқы болжамды зерттеу үшін, яғни оқушылардың мектеби қажеттілік функциясының даму деңгейін анықтау үшін Керн және Иерасек тәсілін қолдандық . Бұл тәсіл 3 тапсырмадан тұрады :

- түсінігі бойынша ойдан ер адам фигурасын салу

- жазба әріптен фразаны графикалық көшіру

- белгілі бір кеңістік жағдайда нүктелер жиынтығын көшіру

Әр тапсырма 1 ұпайдан ( ең үздік баға) бес ұпайға (ең нашар) дейін бағаланады .

Бұл тапсырмаларды орындау барысында баланың өзіне онша қызықты емес материалды басқа ештеңеге көңіл бөлмей ықыластана, бар мүмкіндігін пайдаланып орындай алуын анықтауға болады.

Қорытынды:

1А сынып оқушыларының мектепке дайындығын анықтау бойынша сыныптың 50% -ы өз аттарын жаза біледі, сурет салу, түс таңдай алатын оқушылар 45%, баспа әріпті көшіріп жаза алатын оқушылар 62%, пішінді ажыратып, суретін сала алатын оқушылар 83%, санды танитын оқушылар 91%-ды құрайды.

1Ә сынып оқушыларының мектепке дайындығын анықтау бойынша сыныптың 40% -ы өз аттарын жаза біледі, сурет салу, түс таңдай алатын оқушылар 32%, баспа әріпті көшіріп жаза алатын оқушылар 68%, пішінді ажыратып, суретін сала алатын оқушылар 76%, санды танитын оқушылар 64%-ын құрайды.

## **Ұ С Ы Н Ы С Т А Р :**

- 1.** Зерттеу қорытындыларымен ата-аналарды таныстыру.
- 2.** Нәзік моториканың толық жетілмеуі баланың ақыл-ой дамуына кері әсер ететіндігін ата-аналарға жеткізіп, бала мектепте табысты оқу үшін баланың нәзік моторикасын жетілдіру үшін жағдай жасап, көмектесуін ұсыну, мысалы сазбалшықпен жұмыс, аппликация жасау, күріш тазалау, тары, бұршақтан заттар жасау, бәтеңкенің бауын, бантик байлату моншақ тіздіру, таяқша санату т.б.
- 3.** Сөйлеу және ойлау өзара байланысты екенін ата-анаға ескерту және баламен көбірек сөйлесу, бала сұрақтарын жауапсыз қалдырмай жауап беруін еске салу.
- 4.** Баланың интеллектуалдық, эмоционалдық, эстетикалық жетілуін одан әрі дамыту.
- 5.** Сабаққа ойын элементтерін көбірек енгізу.
- 6.** Жүйелі түрде сергіту сәттерін жасап тұру .
- 7.** Сөйлеу, жазу, есептеу дефектісі бар балаларды логопедке, дефектологқа көрсету.

Психолог: Асылханова Ә.А